



Факультет 1964 жылы құрылған.

Факультет кафедралары ет, сүт және сүт өнімдері сапасын анықтау бойынша, қанның биохимиялық көрсеткіштері мен табиғи резистенттілігін зерттеу, азықты зооталдау, мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, аң шаруашылығы мен балық шаруашылығы және ауылшаруашылығы малдарының физиологиясы бойынша арнайы зертханалармен жабдықталған.

Зерттеу бағыттары:

-эпизотикалық саулықты және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жұқпалы және жұғымсыз аурулардың алдын алу құралдарын диагностикалау әдістерін әзірлеу;

-мал шаруашылығы өнімдеріндегі бөгде заттарды және олардың биологиялық құндылығын анықтау әдістерін әзірлеу;

-МРС, сүт, ет бағытындағы КРС технологиясын және селекция әдістерін әзірлеу;

-азықтық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мақсатында көлдік-тауарлық шаруашылық жағдайында тауар балығын өсіру.

Ғылыми әлеует: факультетте 15 ғылым докторы және 34 ғылым кандидаты жұмыс істейді.

2009-2012 жылдары төмендегі нәтижелерге қол жеткізді:

-әзірленді:

-сиырларды жасанды жолмен тұқымдандыру тәсілдері;
-етті тауықтарды жете азықтандыру технологиясы;
-тауық етінде белсенді хлор мен антибиотиктер қалдығының сақталғанын анықтайтын жаңа әдістер;

-малдардың жұқпалы ауруларын болжауда және эпизоотологиялық мониторингте ГАЖ-технологияны қолданудың ғылыми негіздері;

-сиырлардың акушерлік-гинекологиялық аурулары, сонымен қатар сүт бездері аурулары кезінде қолданылатын өзгеше терапия құралдары;

-қой етін (қозы етін) оның сапасын ХАССП тұжырымдамасы негізінде басқару шеңберінде өндіру технологиясы;

-көлдік-тауарлық шаруашылықта тұқыны өсіру технологиясы;

-жасалынды:

-қойдың кроссбредті және етті-майлы түрлері;

-казактың «Приишимский» кара-ала малының жоғары өнімді түрі;

-казактың етті-жүнді қойларының үш тізбегі және тұқымдық табыны;

-**жүзеге асырылды:** ауылшаруашылығы малдарының сібір жарасы, лептоспироз және басқа да жұқпалы аурулар кезінде моноклоналды антиденелерді жасау негіздемесі.

-12 монография және 51 ұсыныс басылып шықты, 15 патент және 45 инновациялық патент алынды.

2012-2014 жылдары келесідей ғылыми зерттеулер жүзеге асырылуда:

-Солтүстік Қазақстанда қазақ қойларының өнімділігі етті-майлы бағытындағы жаңа түрін шығару;

-Солтүстік Қазақстанға Канададан әкелінген голштин малының бейімделу қабілеттілігін зерттеу;

-казактың шу типіндегі етті-жүнді полутонкорун қойларының өнімділік-тұқымдық сапасын жетілдіру;

-қоректік тағамдардың өзге заттармен контаминировалдығын зерттеу;

-ірі мүйізді малдың дерматомикоздарын диагностикалау;

-малдардың арахноэнтомооздарына қарсы авермектиндермен ЛКФ әзірлеу;

-стерлядка арнайы азықты өндірістік сынау және көлдік-тауарлық шаруашылық жағдайында балық өнімдерін өндіруді арттыру.

2010 жылы «Аң аулау және балық шаруашылығы» кафедрасы базасында балық шаруашылығы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылымдардың дамуын ұйымдастыратын ғылыми-зерттеу бөлімше болып табылатын “Балық шаруашылығы” ғылыми-зерттеу орталығы құрылды.

